



ПАЙДАЛАНУШЫ ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҒЫ

ҚОСЫМША БАТАРЕЯ МОДУЛІ

External Battery Module

EBM Na+ II RTA 2000

EBM Na+ II RTA 3000

МАЗМҰНЫ

Тағайындалуы	4
1. Қауіпсіздік техникасының қағидалары	5
2. Тасымалдау, сақтау, қаптамадан шығару	7
2.1. Тасымалдау және сақтау	7
2.2. Қаптамадан шығару	7
2.3. Жиынтылықты тексеру	8
3. Сыртқы түрі және құрылғы	9
3.1. Алдыңғы панель	9
3.2. Артқы панель	9
4. Бұйымды орнату және монтаждау	10
4.1. EBM орнату және орналастыру	10
5. Ақаулықтарды іздеу және жою	10
6. Кәдеге жарату және қоршаған орта	11
6.1. Қоршаған ортаны қорғау	11
7. Техникалық сипаттамалары	12
8. Кепілдік шарттары	13

ТАҒАЙЫНДАЛУЫ

Бұл батарея модульдері тік еденге орнатуға немесе тіреуге орнатуға арналған. Желілік қуаттау істен шыққан кезде жүктемелердің дербес жұмыс уақытын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТАҢБАЛАР



Электр тоғымен зақымдану қаупі - осы таңбамен белгіленген қауіпсіздік қағидаларын қатаң сақтау қажет.



Әрқашан сақталуы тиіс маңызды нұсқаулар.



Натрий-ионды батареяларды тұрмыстық қалдықтармен лақтыруға тыйым салынатынын, бөлек жинауға және қайта өңдеуге жататынын көрсететін таңба.



Электр және электрондық жабдық қалдықтарын бөлек жинауға арналған ЕС белгісі (WEEE). Бұл затты кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтыруға болмайтынын, бөлек жинау және қайта өңдеу керектігін көрсетеді.



Ақпарат, кеңестер, көмек.



Пайдаланушы нұсқаулығын қар.

1. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ



Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Бұл нұсқаулықта маңызды мәліметтер бар. Бұйымды ашу, орнату немесе пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқу және онда келтірілген барлық нұсқаулықтарды орындау қажет.

Адамдардың қауіпсіздігі

Батарея модулінің кіруі мен шығуында кернеудің болу қаупі!



Бұл батарея модулі қауіпті болуы мүмкін кернеулерді пайдаланады.

Құрылғыны бөлшектеуге тырыспаңыз. Пайдаланушыға құрылғы бөлшектерін ауыстыруға жол берілмейді. Жөндеуді тек білікті мамандар ғана жасауы тиіс.

- Жану мен электр тоғының зақымдануын болдырмау үшін батарея модулін температурасы мен ылғалдылығы бақыланатын, өткізгіш қоспалары жоқ атмосферасы бар үй-жайларда орнату керек.
- Кез келген батареялық модульдерді орнатуды және электр монтаждауды тек білікті қызмет көрсетуші қызметкерлер ғана орындай алады.
- Батарея қосылған ҰҚК ішінде қауіпті кернеулер тудыруы мүмкін, тіпті сол ҰҚК-ке берілетін айнымалы ток қуаты ажыратылған болса да. ЕВМ корпусының ішінде қауіпті кернеулер болуы мүмкін.
- Электр тоқпен зақымдану мүмкіндігі бар құралмен жұмыс істеу кезінде барлық тиісті сақтық шараларын қабылдау қажет.
- Электр тоқпен зақымдану қаупі. Батарея тізбегінің кіретін қоректендіру тізбегімен гальваникалық тарқалуы болмайды, сондықтан батарея мен жер арасында қауіпті кернеу пайда болуы мүмкін. Оларға қол тигізбес бұрын, кернеудің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Электрмен қуаттау кабельдері мен қосқыш кабельдерді оларға баспайтындай және олар қысылмайтындай етіп төсеңіз. Батарея электр тоғымен, оның ішінде қысқа тұйықталу тоғымен зақымдану қаупін тудыруы мүмкін.
- Батареяның қысқа тұйықталуы кезінде пайда болатын тоқ ауыр күйікке әкелуі мүмкін. Батареяларға қызмет көрсету алдында зергерлік бұйым, алқа, қол сағаттары мен сақиналар сияқты тоқ өткізгіш заттардың барлығын шешіңіз.
- Оқшауланған тұтқалары бар құралдармен ғана жұмыс істеу керек. ҰҚК мен батареяларға құралдар мен металл заттарды қоюға тыйым салынады.
- Құрылғымен жұмыс істеу алдында ЕВМ корпусында қауіпті кернеудің жоқтығына көз жеткізу керек.
- Батареяны ажыратып, қоспас бұрын оның зарядтау құрылғысын тоқтан ажыратыңыз.
- ЕВМ сыртқы сымдарын қосу және ажырату қуаттау көзі (ҰҚК) ажыратылған кезде жүргізіледі.

Жабдықтың қауіпсіздігі

- Нұсқауда келтірілген батарея модулін қосу және пайдалану жөніндегі нұсқауларды көрсетілген тәртіппен орындау қажет.
- Батарея модулі оған қосылған құралдың жанында орналасуы және оңай қол жетімді болуы тиіс.
- Жану мен электр тоғының зақымдануын болдырмау үшін батарея модулін температурасы мен ылғалдылығы бақыланатын, өткізгіш қоспалары жоқ атмосферасы бар үй-жайларда орнату керек.
- **Өрт қаупін болдырмау үшін құрылғыны ылғалдылығы жоғары жерлерде пайдалануға тыйым салынады!** Жоғары ылғалдылық өнімнің ток өткізгіш бөліктерінде конденсаттың пайда болуына әкелуі мүмкін, бұл қысқа тұйықталуға әкеледі.
- Құрылғыны қуаттау желісінен ажырату кезінде сақтықты сақтау керек. Егер құрылғыға техникалық қызмет көрсету қажет болса, батареяның қуат беру көзін батареяның оң немесе теріс полюсінде ажырату қажет.
- Басқа кабельдерді қосар алдында қорғаныш жерге тұйықтау өткізгішін (PE) қосыңыз.
- Өрт туындаған жағдайда «Е» өрт сыныбына арналған таңбасы бар көмірқышқылды (КҚ), ұнтақты (ОҰ) немесе басқа да өрт сөндіргіштерді пайдаланыңыз. Өрт сөндіргішті қолданар алдында, мүмкіндігінше, УҚК және батарея модулінің қуат көзін өшіріңіз.

Ерекше сақтық шаралары

- Жарылысты болдырмау үшін батареяларды отқа лақтыруға тыйым салынады.
- Бөгде адамдарға жабдықтың ішіне кіруге тыйым салынады.
- Батареяларды ашуға және бөлшектеуге тыйым салынады. Ағып шыққан электролит теріге және көзге қауіпті.
- Батареяларды кернеудегі УҚК-ге қосуға тыйым салынады.
- Батарея қысқа тұйықталудың үлкен тоғына байланысты электр тоғымен зақымдану немесе күйу қаупін тудыруы мүмкін. Батареялармен жұмыс істеу кезінде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:
 - Қол сағаттарын, сақиналарды және басқа металл заттарды шешіп тастаңыз.
 - Оқшауланған тұтқалары бар құралдармен ғана жұмыс істеу керек.
 - Резеңке биялаймен және диэлектрлік боттармен жұмыс жасаңыз.
 - Батареяларға құралдар мен металл заттарды қоюға тыйым салынады.
 - Батареяны ажыратып, қоспас бұрын оның зарядтау құрылғысын тоқтан ажыратыңыз.
- Батарея модулін тікелей күн сәулесінің немесе қыздыру аспаптарының әсеріне ұшырауы мүмкін орындарда орнатуға тыйым салынады.
- Батареяларға қызмет көрсетуді тиісті даярлығы және қажетті қауіпсіздік шараларын білетін мамандар орындауы немесе бақылауы тиіс. Батареяларға рұқсатсыз кіруді шектеу бойынша шаралар қолданыңыз!

2. ТАСЫМАЛДАУ, САҚТАУ, ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ

2.1. Тасымалдау және сақтау

Сақтау шарттары

Батарея модулін толық зарядталған батареямен салқын, құрғақ жерде сақтаңыз. Батареяның разрядталуын болдырмау үшін барлық кабельдерді батарея модулінен ажыратыңыз.

Ұзақ мерзімді сақтау

Ұзақ сақтау алдында батареяны толық зарядтау керек. Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оны әрбір 6 ай сайын зарядтаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



Құрылғы пайдаланылмаған кезде және желілік кабель қосылмаған жағдайда, аккумуляторларының терең разрядқа ұшырауын болдырмау үшін ажыратқышты (BATTERY SWITCH) міндетті түрде OFF (өшірулі) күйіне ауыстыру қажет.

Тасымалдау ережелері мен шарттары

Құрылғыны түпнұсқа қаптамасында тасымалдау ұсынылады.

2.2. Қаптамадан шығару

Тексеріп қарау

Батарея модулінің жиынтығын тексеріңіз. Тасымалдау кезінде пайда болуы мүмкін корпустың көрінетін зақымдарының жоқтығына көз жеткізіңіз.



Төмен температурада бұйымның қаптамасын ашу бұйымның ішкі және сыртқы беттерінде ылғалдың конденсатталуына әкелуі мүмкін. Бұйымды оның ішкі және сыртқы беттері толық құрғағанға дейін (электр тоғымен зақымдануды болдырмау үшін) орнатпаңыз.


Батарея модулін қаптамадан шығарыңыз және оны тасымалдау процесінде болуы мүмкін зақымдану бар-жоғын тексеріңіз. Қандай да бір зақымдану байқалса, құрылғыны буып, оны сатып алған жерге қайтарыңыз.




Қаптама материалдарын қалдықтарға қатысты барлық жергілікті ережелерге сәйкес кәдеге жарату қажет.

2.3. Жиынтылықты тексеру


Жеткізілім жиынтығына қосымша батарея модулі құрамына келесі компоненттердің кіретініне көз жеткізіңіз:



Қосымша батарея модулі
EBM Na+ II RTA 2000 / EBM Na+ II RTA 3000




Пайдаланушының
қысқаша нұсқаулығы




Аккумуляторлық
кабель
1 дана



Құрастыру
бұрыштары
2 дана



Тігінен орнатуға
арналған тіректер
4 дана




Тік орнату тіректеріне
арналған кеңейткіштер
4 дана



Бұранда M4
8 дана


3. СЫРТҚЫ ТҮРІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛҒЫ

3.1. Алдыңғы панель



EBM Na+ II RTA 2000 / EBM Na+ II RTA 3000

3.2. Артқы панель



EBM Na+ II RTA 2000 / EBM Na+ II RTA 3000

4. БҰЙЫМДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУ



Құрылғыны орнату және пайдалану алдын ала дайындықты талап етпейді, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.



BlackRock, Innova Modular, Innova Unity RT 3-3, Innova RT 33, Innova RT 10K/20K, Intatum YҚК және оларға арналған батареялық блоктарға кепілдік іске қосу-баптау жұмыстары (ІБЖ) жүзеге асырылған сәттен бастап қолданылады. Кепілдіктің қажетті шарты Ірпон немесе авторландырылған сервис орталықтарының инженерлері ІҚР-ді жүзеге асыруы болып табылады. Кепілді қызмет алу үшін ІҚР орындау туралы актіні ұсыну қажет.

4.1. ЕВМ орнату және орналастыру



Батарея модулін құрылғының айналасында ауа айналатындай етіп орнатыңыз. Орнату орнында шаң, коррозиялық булану және электр өткізгіш ластағыштар болмауы тиіс. Батарея модулін ауа температурасы жоғары және ылғалдылығы жоғары және күн сәулесі тікелей түсетін үй-жайларда пайдалануға тыйым салынады.

Батарея модулін қорғалған, таза, желдетілетін үй-жайға орнатыңыз.

Назар аударыңыз!

Электр тоғымен жану немесе зақымдану қаупін болдырмау үшін бекіту үшін тек қоса берілген бөлшектерді пайдаланыңыз.

Орнату туралы қосымша ақпаратты <https://r.ippon.ru/495> сілтемесі арқылы толық пайдаланушы нұсқаулығынан алуға болады немесе QR-код сканерлеңіз.



5. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Егер ақаулар табылса, сіз мәселелер мен олардың шешімдері туралы толық ақпаратты <https://r.ippon.ru/495> сайтынан оқи аласыз немесе QR-код сканерлеңіз.



6. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

6.1. Қоршаған ортаны қорғау

Бұйымдар қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптармен жобаланған.

Заттар

Бұйымда ХФК, ХФФК және асбест жоқ.

Қаптама

Қалдықтарды кәдеге жаратуды жақсарту және оларды қайта өңдеуге ықпал ету үшін қаптаманың компоненттерін бөліңіз.

- Бұйым үшін пайдаланылатын картон 50% артық қайта өңделген материалдан тұрады.
- Пакеттер мен қаптар полиэтиленнен жасалған.
- Қаптама материалдары қайталама өңдеуге жарамды.

Қаптама материалдарын кәдеге жарату жөніндегі барлық жергілікті ережелерді сақтаңыз.

Бұйым

Бұйым негізінен өңделетін материалдардан жасалған.

Кәдеге жарату мақсатында бөлшектеу қалдықтарға қатысты барлық жергілікті ережелерге сәйкес жүргізілуі тиіс. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін бұйымды қайта өңдеу орталықтарына, пайдаланылған электр және электрондық жабдықты (WEEE) қайта пайдалану және қайта өңдеу зауыттарына жіберу қажет.

Батарея

Құрылғыға натрий-иондық батареялар орнатылған.



- Құрылғыны кәдеге жаратар алдында ондағы батареяларды шығарыңыз.
- Батареяларды шығару кезінде құрылғыны қуат желісінен ажырату керек.
- Батареяны қауіпсіз түрде кәдеге жарату керек.

Дұрыс кәдеге жарату үшін қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратуды реттейтін жергілікті нормативтік құжаттарды басшылыққа алыңыз.

7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

МОДЕЛЬ:	EBM Na+ II RTA 2000	EBM Na+ II RTA 3000
ID	2160591	2160599
Шығыс		
Номиналды кернеу	72 В	96 В
Модульдің номиналды сыйымдылығы	12.8 Асағ	
Қосылыс типі	SB50	
Батареялар		
Натрий-ионды қайта зарядталатын батареялар	12 В / 6.4 Асағ x 12 дана	12 В /6.4 Асағ x 16 дана
Физикалық сипаттамалары мен қасиеттері		
Өлшемдері (Е x Б x Т)	440 x 85 x 485 мм	440 x 85 x 565 мм
Аккумулятор кабелінің ұзындығы	1000 мм	
(Таза) салмағы	16.45 кг	20.7 кг
(Брутто) салмағы	19.55 кг	23.3 кг
Қабықшаны қорғау дәрежесі	IP20	
Пайдалану шарттары		
Температура диапазоны	-20-ден +40°С-ге дейін	
Салыстырмалы ылғалдылық диапазоны	0-95% (конденсациясыз)	
Теңіз деңгейінен биіктік диапазоны	0-4000 м	
Сақтау шарттары		
Температура диапазоны	-30-ден +60°С-ге дейін	
Салыстырмалы ылғалдылық диапазоны	0-95% (конденсациясыз)	
Теңіз деңгейінен биіктік диапазоны	0-4000 м	
Қауіпсіздік талаптарына сәйкестік		
Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы	КО ТР 004/2011 сәйкес	
Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі	КО ТР 020/2011 сәйкес	



Электр тоғымен зақымданудан қорғаныс класы – I



Құрылғының техникалық сипаттамалары, сондай-ақ осы Пайдаланушы нұсқаулығының мазмұны алдын ала хабардар етілмей өзгертілуі мүмкін.

8. КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Өндіруші соңғы пайдаланушы бірінші рет сатып алған кезде және кепілдік мерзімі ішінде құрылғы материалдарында және өндірістік ақауларда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілді қызмет көрсету құқығын растау үшін кассалық чекті немесе құрылғыны сатып алу фактісін растайтын басқа құжатты сақтаңыз. Кепілдік құқығы тек сатып алынған елде ғана жарамды.

Өндірушінің бұйымда белгілеген кепілдік мерзімі мен қызмет мерзімі кестеде көрсетілген:

Өнім	Үлгілері	Сату күнінен бастап	Өндірілген күннен бастап	Құрамындағы АҚБ-ға кепілдік	Қызмет мерзімі
Сыртқы батарея блоктары	EBM Intatum EBM Innova RT 33 EBM Innova RT 3/1 EBM Innova Unity RT/T	Пайдалануға енгізілген күннен бастап 2 жыл	3 жыл	Пайдалануға енгізілген күннен бастап 2 жыл	5 жыл
	EBM Na+ EBM Na+ II	3 жыл	42 ай	негізгі құрылғы-дағыдай	10 жыл
	Басқалары	2 жыл	30 ай	негізгі құрылғы-дағыдай	3 жыл

Ірпон өнімдерін пайдалану кезінде мәселелер мен қиындықтар туындаған жағдайда, Сізден техникалық қолдау қызметіне <https://irpon.ru/support/help/> «Қолдау» бөлімінде хабарласуыңызды сұраймыз.

Егер Ірпон құрылғысы кепілдік қызметін қажет етсе, сатушыға немесе Ірпон кез келген авторландырылған сервис орталығына (бұдан әрі-АСО) хабарласыңыз. АСО толық тізімімен <https://irpon.ru/support/centers/> «Қолдау» бөлімінде сайтында танысуға болады.

Кепілдікті қызмет алу үшін құрылғымен бірге кассалық чекті немесе Ірпон бұйымын сатып алу фактісі мен күнін растайтын өзге де құжатты көрсету қажет. Мұндай растау болмаған кезде кепілдік мерзімі құрылғы шығарылған күннен бастап есептеледі.

ҰҚК немесе батарея блогының құрамына енетін аккумуляторлық батареяларға кепілдік батареялардың зауыттық жиынтығына қолданылады.

Осы кепілдік мыналарға қолданылмайды және қамтымайды:

- Іске қосу-реттеу жұмыстары, профилактикалық қызмет көрсету, баптау және басқа да ілеспе жұмыстар бойынша қызметтер
- Шығыс материалдары, кабельдер, құжаттама, қаптама, бекітпелер, ақпарат тасымалдағыштар
- Ірпон өнімдерімен бірге жеткізілетін бағдарламалық жасақтама

Кепілдікті қызмет көрсету құқығы келесі жағдайларда жоғалады:

- Пайдалану, тасымалдау, сақтау қағидаларын сақтамау және тағайындалуы бойынша пайдаланбау
- Дайындалған күннен бастап кепілдік мерзімі аяқталды
- Бұйымның сериялық нөмірін нақты анықтау мүмкін емес
- Авторландырылмаған жөндеу іздерінің болуы
- Шешілмейтін күш мән-жайларының, сондай-ақ кабель мен корпусның механикалық зақымдануының, бөгде заттар мен сұйықтықтардың, оның ішінде тоқ өткізгіш немесе жылу алмасуды бұзатын қоқыстардың (шаң, үгінділер және т.б.), жануарлар мен олардың тіршілік әрекетінің өнімдерінің және сатушы мен дайындаушыға тәуелді емес өзге де себептердің әсерінен туындаған ақаулардың болуы.

Өндіруші тікелей немесе жанама шығындарға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қапы жіберілген пайдаға, мүліктің бүлінуіне, басқа өндірушілердің кез келген жабдығының зақымдануына, оларды бұйыммен бірлесіп пайдалану нәтижесінде туындаған шығындарға жауап бермейді.

Жабдықты тіркеу

*Ірпон жабдығыңызды және оған батарея блоктарын <https://ippon.ru/support/phase/> сайтында тіркеңіз. Тіркеу кезінде кепілдік мерзімі 12 айға ұлғаяды (құрылғылар құрамындағы АҚБ-ға қолданылмайды).

Тіркеу пайдалануға енгізілген күннен бастап 3 айға дейін немесе кешіктірілмей жүргізілуі мүмкін.

** тіркеу келесі жабдық үшін мүмкін: BlackRock, Innova Modular, Innova Unity RT 3-3, Innova Unity T3-3, Innova RT II 33, Innova RT 33, Innova RT 10K/20K, DC Upper және кез келген басқа үш фазалы модельдер жағдайлары*



ӨНДІРУШІ:

Ниппон Клик Системс Лимитед

Мекенжайы: Куиджано Чэмберс, а/ж 3159, Роуд Таун, Тортала,
Британдық Виргин Аралдары
Қытайда жасалған

Nippon Klick Systems Limited

Address: Quijano Chambers, P.O. Box 3159, Road Town, Tortola,
British Virgin Islands
Made in China

**Импорттаушы және тұтынушылардан талап-тілектерді қабылдауға
уәкілетті ұйым:**

«Мерлион» ЖШК

Ресей, Мәскеу облысы, Красногорск қаласы, Құрылысшылар б-ры, 4 үй

LLC "Merlion"

Boulevard Stroiteley, Building 4, Krasnogorsk, Moscow Region, Russia

Құрылғы туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз:
www.ippn.kz

Өндіруші тауардың жиынтықтамасын, техникалық сипаттамаларын
және сыртқы көрінісін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік мерзімі: кепілдік шарттарына сәйкес 3 жыл, бірақ өндірілген
күнінен бастап 42 айдан аспайды.

Бұйымның қызмет ету мерзімі пайдалану жағдайына байланысты
сатылған күннен бастап 10 жылды құрайды.

Рұқсат құжаттамасының нөмірі мен қолданылу мерзімі туралы
ақпарат алу үшін тауарды сатып алған жеріне хабарласыңыз.

Бұл құрылғының жасалған айы мен жылын өнімнің қаптамасынан
таба аласыз.

